Әбирбекқызы Жарықжұлдызға 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Фитопрепараттарды бұзаулардың диспепсиясын емдеу үшін клиника-фармакологиялық және иммунологиялық негіздеу» тақырыбы бойынша орындалған диссертациялық жұмысына Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация ҚР-ң Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1). Диссертациялық жұмыс 2022-2025 жж. ҚР ҒжЖБ Министрлігі «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру жобасы AP19177538 «Төлдердің диспепсиясына қарсы грек жаңғағынан препарат әзірлеу және фармакотерапевтік тиімділігін ғылыми негіздеу» тақырыбы аясында салыстырмалы аспектіде және ҚР «Ұлттық Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (НЦГНТЭ)» АҚ бекіткен (тіркеу №0126РКИ0107) «Бұзау диспепсиясын емдеуге арналған фитопрепараттардың клиникалық-фармакологиялық және иммунологиялық негіздемесі» тақырыбы бойынша орындалған және оның негізгі мәселелері 2021-2030 жж. арналған ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамыту концепциясының перспективалық бағыттарын, оның ішінде ветеринария саласының тиімділігін арттыруға сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың алған ғылыми-зерттеу нәтижелері ветеринария ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Ғылым үшін орындалған диссертациялық жұмыс маңызды болып табылады, себебі докторант алғаш рет бұзау диспепсиясын емдеу және алдын алу үшін жергілікті дәрілік өсімдік шикізатынан емдік тиімділігі жоғары, экологиялық таза, экономикалық тұрғыдан тиімді фитопрепараттар дайындап және ғылыми негіздеме жасай білген, атап айтқанда, олардың төл ағзасының телімсіз

			резистетттілігінің иммунологиялық көрсеткіштеріне әсерін, фармако-токсикологиялық, микробиологиялық тұрғыдан зерттеулерді жан-жақты жүргізе білген. Сонымен қатар шаруашылық жағдайларында сынақтан өткізіп, фармакотерапевтік және профилактикалық тиімділігін дәлелдеген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу үдерістеріне енгізілген, ветеринариялық дәрігерлерінің біліктілігін жоғарылату курстарының тыңдаушыларына және шаруа қожалықтарында бұзаулардың диспепсиясын алдын алу және емдеу үшін қолданылатын дәрі-дәрмектер қорын кеңейтуге мүмкіндік берудегі маңыздылығымен ерекшеленеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	1) Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация жұмыстың мағыналық мазмұны ветеринария саласына қатысты лайықты ғылыми шығармашылық тілде, түсінікті дәйекті стильде жазылған. Алынған зерттеу нәтижелеріне қатысты отандық және шетелдік дереккөздерге сілтемелер жасалынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1). Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципі толық сақталынған. Орындалған жұмыс өзекті мәселеге арналған және ғылыми тұрғыдан толық **негізделген**. Диспепсия жаңа туылған төлдер аурулары арасында ең көп таралған патологиялардың бірі болып табылады және ол өз кезегінде төлдердің өсіп-даму функциясының төмендеуінен және емдеу-профилактикалық іс-шараларға кететін шығындар есебінен шаруашылықтарға үлкен экономикалық зиян келтіреді. Осыған байланысты докторант жергілікті өсімдік шикізаттарынан фитопрепараттар дайындап, олардың емдік-және профилактикалық тиімділіктері алынған мәліметтер бойынша толығымен ғылыми түрде негізделген. Осыны негізге ала отырып ветеринария саласында бұзаулар диспепсиясына қарсы емдік қасиеті жоғары жаңа фиопрепараттарды пайдалану қазіргі таңда өзекті

			мәселелердің бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды** және оның мағыналық мазмұнына сәйкес келеді. Фитопрепараттардың дайындалу технологиясы, әсер ету механизмдері және бұзаулардың диспепсиясына қарсы қолданылуы және олардың өсіп-даму функциясына әсері туралы орындалған зерттеулер тақырыпқа толықтай сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен **сәйкес келеді**.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы дайындалған фитопрепараттардың бұзаулар ағзасының иммунологиялық көрсеткіштеріне әсері және диспепсия ауруына қарсы емдік-профилактикалық тиімділігі бойынша логикалық тұрғыдан **толығымен байланысқан.**
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Бұзаулардың диспепсиясын емдеу үшін әзірленген дәрілік өсімдіктер шикізатынан препараттар дайындау және қолдану туралы мәліметтері ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген және **сыни түрде талданған** және басқа да қолданыстағы фитопрепараттармен салыстырылып, бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады. Жұмыстың жаңалығы 1 пайдалы моделге алынған патентте (№10270. 07.03.2025 ж.) және 1 әдістемелік нұсқауда көрсетілген
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен **жаңа** болып табылады деп есептеуге болады. Алынған қорытындылардың барлығы да мағыналық мазмұны өте кең ұғымда сипатталып, дәйекті түрде берілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе	Технологиялық шешімдер қойылған міндеттерге сәйкес

		басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	негізделген және толығымен **жаңа** деп айтуға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыс бойынша жазылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде **толығымен негізделіп жасалынған**.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	- Фитопрепараттардың бұзаулар ағзасының иммунологиялық көрсеткіштеріне әсері мен фармако-токсикологиялық қасиеттері және диспепсияға қарсы фармакотерапевтік тиімділігін негіздеу **қағидаты толық көлемде дәлелденген**.
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	- фитопрепараттардың дайындалу технологиясы, бұзаулар ағзасына әсер ету механизмдері мен қолданылуын **тривиалды емес** деп айтуға болады.
		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	- Дайындалған фитопрепараттарды және олардың бұзаулардың диспепсиясын емдеу және алдын алу үшін **жаңа** деп есептеуге болады.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	- Әзірленген фитопрепараттарды шаруашылық жағдайларында бұзаулардың диспепсиясын емдеу және алдын мақсатында **кеңінен** қолдануға болады деп есептеуге болады.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін	Зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтер докторанттың жарық көрген мақалаларында жарияланып, жан-жақты **дәлелденген.**

		тексеру мүмкін емес.	
.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Докторанттың зерттеулер жүргізуге байланысты әдіснаманы таңдауы нақты сипатталған және қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылыми зертханалар жағдайында заманауи әдістермен атқарылған, алынған нәтижелер өзара тығыз байланыста, зерттеу үрдістері жүйелі түрде жүргізілген, дәйектелген, теориялық қорытындылар жасалынған және алынған нәтижелер эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық және алыс-жақын ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы **расталған.**
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға және өзекті мәселелерді шешуге жеткілікті түрде қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	**Бар.** Диссертацияның теориялық маңызы бар екендігі ғылыми-өндірістік жұмыстар жүргізу барысында алынған деректер бойынша нақты материалдар негізінде дәлелденген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	**Ия**. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі **жоғары.** Зерттеу жүргізу барысында алынған деректер әзірленген фитопрепараттардың бұзаулардың диспепсиясына қарсы тиімді әсер ететіндігі нақты материалдар негізінде дәлелденіп, шаруашылық жағдайында пайдалануға ұсынылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Практикалық ұсыныстарды **толығымен жаңа** деп

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	есептеймін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - **жоғары.**
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысты жетілдіру мақсатында төмендегідей ескертулер мен ұсыныстар берілді: 1. Диссертациялық жұмыста зерттелген дәрілік өсімдіктерді таңдау себептері толық ашылмаған. Осыған байланысты өсімдіктерді таңдау негіздемесін «Әдебиеттерге шолу» немесе «Зерттеу материалдары мен әдістері» бөлімінде нақтылап, бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сілтемелер келтіру ұсынылады. 2. 44-беттегі фагоцитарлық белсенділікті бағалау әдісін нақтылап, «*St. aureus* штаммы өсіндісі» тіркесін «стандартталған *Staphylococcus aureus* тест-өсіндісі» деп өзгерту ұсынылады. 3. 44-беттегі 2.2.1-бөлімінде тұнбаны дайындау кезінде су көлемін есептеу тәртібін нақтылап, өсімдік шикізатының су сіңіру коэффициентін ескеру қажет. 4. 53–54-беттердегі диск-диффузия әдісінің сипаттамасын өткен шаққа ауыстырып, әдістемелік мәтіннің бірізділігін сақтау ұсынылады. 5. 8-кестедегі «спиртті тұнбаша» терминін «спирттік тұндырма» деп түзетіп, дәрілік формалардың атауларын біріздендіруді қажет етеді. 6. 9-кестедегі бұзаулардың жас топтары бойынша аурушаңдық пен өлім-жітім көрсеткіштерін нақтылап, жас топтары арасындағы есепке алу тәртібін түсіндіру және деректерді қайта тексеру ұсынылады. 7. 24-кестедегі емдеу тиімділігінің 95% және мәтіндегі 100% көрсеткіштері арасындағы сәйкессіздікті түзету қажет. Сонымен қатар 23-кестеде «тұнбасы» сөзін тиісті экстракт атауларымен алмастырып, «нәтижелілігі»

			бағанын «профилактикалық тиімділігі, %» деп өзгерту ұсынылады. Дегенмен, жоғарыда аталған ескертулер зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығын төмендетпейді деп есептеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант диссертациялық материалдар негізінде 18 ғылыми жұмыстар жариялаған, оның ішінде 5 мақала ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журналында; 1 мақала Scopus дерекқорындағы мәліметтер базасына кіретін журналда, CiteScore рейтингі бойынша процентилі-48; 6 мақала халықаралық конференциялар материалдарында баяндалып, жарияланған, 1 пайдалы моделге патент алынды, 1 өндіріске ұсыныс дайындалды. Ғылыми мақалалардың зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары және алынған зерттеулер деректерімен толығымен сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, орындалған жұмысының көлемі, өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік құндылығы және зерттеу бағыты жағынан докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндігін ескере келе, докторант **Әбирбекқызы Жарықжұлдызға** 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуын ұсынамын.	

Ресми рецензент: _____ **Душаева Лаура Жанедиловна**

Жәңгірхан атындағы «Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті» КеАҚ «Ветеринария және агротехнология» институтының қауымдастырылған профессоры, PhD

«22» 10 2026 жыл

Л.Ж. Душаеваның қолын растаймын:

Ғалым-хатшы _____ **Баянтасова С.М.**

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
ҒАЛЫМ ХАТШЫ

Персоналмен жұмыс жөніндегі басқармасы

қолын куәландырамын.
ПЖЖ басқармасының басшысы
2026 ж. «22» 10
"ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ